

Ғылым сардары

10.10.2014 Тұлға 0 пікір 117 рет оқылды



Іргелі ғылым саласы біздің елде өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастау алып, 1946 жылы Ұлттық Ғылым академиясы шаңырақ көтергеннен кейін жедел әрі жүйелі түрде дами бастады. Осы жолымызда орыс ғылымының, орыс ғалымдарының көмек-жәрдемі көп болғанын да айтпай кетуіміз әділетке сыймас. Дегенмен, іргелі ғылымның әрбір салаларында өз ұлтымыздан шыққан ғылым саңлақтары қадау-қадау бой көрсете бастады. Олар өз ғылыми мектептерін ашты, шәкірттер тәрбиелеп өсірді, тек ғылым емес, еліміздегі білім жүйесінің жан-жақты ілгерілеп дамуына, сапасын арттыруға ерекше үлестерін қосты. Қаныш Сәтбаев бастаған іргелі ғылымның әрбір саласының негізін салған осы ізашар саңлақтарды ғылым сардарлары деп, есімдерін әркез құрметпен атаймыз. Академиктер Асан Тайманов бастаған, Өмірзақ Сұлтанғазин жалғастырған математиктер ғылым мектебі, академик Әбікен Бектұров іргесін қалаған химия ғылымдарының мектебі, академиктер Қаныш Сәтбаев, Шахмардан Есенов, Айтжан Абдуллиндер құрған геологтар мектебі, академиктер Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев бастаған заңгерлер мектебі, академиктер Әлкей Марғұлан, Ақай Нүсіпбеков, Рамазан Сүлейменов, Манаш Қозыбаев жасақтаған тарихшылар мектебі, академик Жабайхан Әбділдин негіздеген философтар мектебі, басқа да ғылым саңлақтары ашқан физика, биология, басқа да іргелі ғылымдар мектептері еліміздің рухани қорын еселеп молайтып, сан-салалы шаруашылығымыздың ғылыми-техникалық деңгейін өсіріп, зияткерлік тұрғыдағы адам сапасын алдағы елдер қатарына жеткізуге ерен марапатын тигізіп еді.

Осының арқасында ауқымды ғылымымызбен, оның көшін келісті бастаған кешелі сардарларымызбен біздер әлемге танымал болдық. Бұны біздер баршамыз білеміз, дегенмен, осы мақалама кіріспе сөзімде ғылым мен оның сардарларының ерен еңбектері туралы тағы бір қадап айтып өтуді жөн көріп тұрмын. Оның екі себебі бар. Біріншісі – бүгін сексеннің сеңгіріне шығып отырған академик Аманжол Қошановқа байланысты. Әбекең табандатқан 60 жыл бойы осы ғылымның шалқар кеңістігіне бар саналы өмірін арнап, нәтижелі ізденістерімен ғылым сардары дәрежесіне жетті. Жоғарыда ғылымның іргелі саласын дамытқан ғұлама ғалымдарымыздың қоғамдағы орны туралы айтылған пікір, жоғары мәртебе осы Әбекеңе де тікелей қатысты әмбе лайықты.

Екінші себеп, бір кезде дүркіреп дамыған іргелі ғылым салалары бүгінде біздің елімізде біршама бәсеңсіп қалды. Ғылым ордасы тарады. Үкімет тарапынан қолданбалы емес, іргелі ғылымды дамытуға айтарлықтай құлшыныс көрінбейді. Жасыратыны жоқ, жедел нәтиже аламыз деп, ғылымның іргелі емес, кейбір қолданбалы салаларына беріліп жатқан қаржы ойдағыдай нәтиже көрсетіп жатқан жоқ. Бұл жайттың көңілді күпті етері де рас. Ал өркениеті жоғары ел болу үшін біздерге іргелі ғылым керек. Ол – халықтың көзі, құлағы, алға даму жолдарының адастырмас бағдаршамы. Инновация жүрмей жатыр дейміз, оның бірден бір себебі, іргелі ғылым ашып жатқан бұлақ көзі жоқ. Көзі жабылса, көл де сарқылады емес пе? Білім сапасы төмен дейміз, білімнің де қайнар бұлағы іргелі ғылым. Басқа, әсіресе, дамыған, әлемнің көш басындағы елдермен ғылыми байланыс, олармен әріптестік аз дейміз, ол да осы іргелі ғылым салаларының қазіргі күнгі жүдеулігінен шығып жатыр. Біздердің 30 озық елдердің санатына қосылуымызға, Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясының орындалуына да, елдегі адами капиталдың өсуіне де іргелі ғылымның тікелей қатынасы бар. Олай болса, осыларды ескере отырып іргелі ғылымды дамытудың пәрменді бағдарламасын жасау керек сияқты және ол мемлекеттік бағдарлама болуы керек. Өйткені, мемлекеттің тікелей қамқорлығынсыз ешбір елде іргелі ғылым дамыған емес, дами алмайды да. Осы аксиомалық ақиқатқа біздің де жүгінгеніміз абзал.

Ал енді негізгі тақырыбымызға көшейік. Академик Аманжол Қошанұлы жоғарыда айтқанымыздай, сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Құлеке батыр мен Шал ақындай бабаларының тікелей ұрпағы Әбекең де өз өмірінің қай қырын алсаң да тектілігін, тереңдігін көрсетіп отыр. Дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз, экономика ғылымының іргелі саласының баршамыз мойындаған көшбасшысы, парасат мейірімімен қоршаған ортасында құрметі зор ағамыз деп айтсақ артық болмас. Жасынан өмірдің өрелі жолын таңдай

білді. Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдары алғашқы қазақ балаларының бірі болып Мәскеуге барып, М.В.Ломоносов атындағы университетке түсті. Тек Ресейде немесе Кеңес Одағында ғана емес, бүкіл әлемге есімі белгілі ғұлама ғалымдардан дәріс алды. Университетті ойдағыдай бітіргеннен кейін Алматыға келіп Экономика институтына қызметке қабылданды, міне, содан бері 60 жылға жуық осы институтта ғалым, ұстаз, басшы ретінде жемісті еңбегін әрдайым абыроймен жалғастырып келеді.

Аманжол Қошановқа осы ғылым жолына түсуге ақыл-кеңесін берген, есеюіне, азаматтық тұлғасы қалыптасуына үлгі бола білген ұстаз ағалары болды. Солардың бірі академик Серғали Еспембетұлы Толыбеков. Нақ осы ғалымның Қазақстанда экономика ғылымының бастау алып, дамуына қосқан өзіндік үлесі үлкен дер едім. Әсіресе, өткен замандардағы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық жүйесі туралы іргелі ізденістерінің ғылыми ғана емес, саяси- әлеуметтік те маңызы зор болғанын айту парыз. Қазақ жабайы халық, патриархалдық тұрмыс деңгейінен шыққан жоқ, мемлекет ретінде қалыптасқан шаруашылық жүйесі болған жоқ деген ХХ ғасыр басында әр жерлерде, әсіресе, Ресейде орын алған жат пиғылды, жаңсақ пікірлерді ғылыми негізде, байыпты терең ізденістерімен теріске шығарған Серағаң еді. Бізді жадағай-жайдақ жабайы халық ретінде көрсетуді армандағандар С.Толыбековтің ізденістерін, тұжырымдарын өре түрегеліп қатты сынға алды, тіпті, дайын тұрған докторлық диссертациясын қорғатпай тастаған кездер де болды. Дегенмен, рухы биік, білімі терең, ізденісі табанды Серағаң жоғарыда айтқан өз пікірінің бірден-бір дұрыстығына Мәскеуді ғылым ордасына жиналған атышулы ғалымдарды сендіре де, көндіре біліп еді, бұндағы ел-жұрт осыны естіп марқайып қалып едік. Бүгін де қазақтардың өткен замандардағы мемлекеттігі туралы шатып-бұтқан әртүрлі жөнсіз қаңқу әңгімелерді естігенде Серғали Еспембетұлы Толыбековтің өткен ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген еңбегін, ондағы көшпенді халықтың өзіне тән мемлекеттік құрылымы, шаруашылық жүйесі туралы бұлтартпас тұжырымдарын еске алғанымыз абзал. Міне, осындай еліне, халқына жанашыр экономист-ғалым Аманжол Қошановқа, ғылым жолына түскен талабы зор басқа да жастарға ұлағатты ұстаз бола білді.

Сөз реті келгенде Әбекеңнің тағы бір ұстазы туралы айта кетуді жөн көрдім. Ол – академик Сақтаған Бәйішев. Көп жылдар экономика институтына басшылық еткен, оның ғылыми кеңесін басқарған Сәкең Қошановтың, басқа да ғалым-экономистердің ғылыми ізденістерінің бағыт-бағдарларына ықпал етіп, оларға осы саланың ең өзекті мәселелерін зерттеуді ұсынып қана қойған жоқ, оларға керекті жағдай жасап та отырды. Ұзақ жылдар Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті ретінде еліміздегі қоғамдық ғылыми

ізденістердің арнасын кеңейтіп, осыған керек кадрларды дайындап, оларды тиімді зерттеулерге шоғырландыруда да академик Бәйішевтің еңбегі зор. Өткен ғасырда, Кеңес дәуірінде Сәкең еліміздегі зиялылар тобының көшбасында болды. Сол кезеңнің өте көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сақтаған Бәйішев еліміздің саяси, әлеуметтік һәм экономикалық дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Жоғарыда аты аталған Серғали Толыбеков және Сақтаған Бәйішев Қазақстан ғылымының маңызды бір саласының іргесін қалаған, мектебін тұрғызған, ғалымдарын жасақтаған нағыз ғылым сардарлары, Қ.Сәтбаев бастаған атақты абыз академиктер құрамының толық мүшелері. Осы абзал азаматтардың ерен еңбектері қазір көп еске алынбайды. Олардың қазақ өркениетінде, Қазақстан ғылымында дара жолы, жоғары орны бар екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Міне, осындай алдында үлгі болар ұлағаты мол ұстаз ағалары болған Аманжол Қошанов экономика әлемінің сыр-сипаттарын зерттеуде үлкен табандылық көрсетіп келеді. Ғалым ізденістерінің тағы бір ерекшелігі – әр мәселені кешенді түрде зерттеуі, ұсақ-түйекке бойын алдырмай, проблеманың даму негізі мен өзекті заңдылықтары, одан шығатын ғылымға керек тұжырымдар, концептуалды қорытындыларды іздеді. Бір сөзбен айтсақ, оның ізденістерінің басты бағыты экономика дамуының теориялық негіздері, тұжырымдамалық тұтқа-баспалдақтары. Аманжол Қошановтың әр жарық көрген монографияларынан даму мен жаңғыру үрдістеріндегі заңдылықтың сырын ашатын терең де ауқымды тұжырымдарды, парасатпен әдіптелген парықты пайымдарды көреміз. Осылардың арқасында Аманжол Қошанов өзі де әмбебап тұрғыдағы экономист – ғалым – теоретик болып қалыптасты. Соңына шәкірттер ертті. Бүгінгі таңда Аманжол Қошанов осы саланың баршамыз мойындаған көшбасшысы, баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз, ғылымның осы санатты саласындағы аса салиқалы асқар тауымыз.

Академик Қошановтың қаламынан шыққан ғылыми еңбектеріне тоқталсақ, олар тұтас бір энциклопедия іспеттес. 53 монография, 600-ге жуық баспасөз бетінде шыққан мақалалар. Оларға институт директоры ретінде Қошановтың Қазақстан үкіметіне дайындаған баяндамаларын, әртүрлі ғылыми бағдарламалар жобасын қосыңыз. Осы еңбектерінің көбінен кемел ой, келелі ұсыныстар, кешенді тұжырымдар табамыз. Аманжол Қошановтың көлемді ізденістерінің бірі Қазақстанның индустриялық даму жолдарына, олардың заңдылықтары мен қайшылықтарына арналған. Осыдан 40 жылдай бұрын жазылған бұл монографияда көтерілген мәселелер бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ. Ғалым көтерген ел индустриясын жедел дамыту мәселелері бүгінгі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының да өзекті проблемалары болып саналады. Өндірісті ғылыми-техникалық негізде

қайта жасақтау, елдің өндіргіш күштерін сыңаржақ, ала-құла қылмай кешенді түрде дамыту, өңірлердегі экономикалық теңсіздікті жою сол уақытта да, бүгін де күн тәртібінде тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Қошановтың еңбектері ел экономикасының өзекті проблемаларын зерттеуге арналғанын осылардан да байқауымызға болады.

Ғалым ізденістерінің тағы бір келелі тақырыбы – еліміздегі әлеуметтік даму проблемалары. Кеңес заманында бұл тақырып күн тәртібіне өткір түрде қойылып отырды. Кеңес Одағы республикаларының білім, денсаулық сақтау жүйелерінің бір-бірімен теңдестігін қамтамасыз ету, ел тұрмысы деңгейінің барлық республикаларда бір-бірінен алшақтамауы, осы салада орын алған қайшылықтарды жою сол заманда көптеген ғылыми ізденістердің арқауы болып еді. Қазақстанда әлеуметтік даму проблемаларын зерттеген ғалымдар тобы Аманжол Қошановтың маңайына шоғырланды. Осы топтың еңбегінің арқасында елімізде экономикалық ғылымның тағы бір тың да, қажет бағыты – индустриялық социология қалыптасты. Осы бағыттың дамуына серкелік танытып, сүбелі үлес қосқан тағы да академик Қошанов болды. Оның қаламынан шыққан «Еңбек ұжымдарының әлеуметтік дамуын басқару» немесе «Одақтас республикалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын теңдестіру» атты көлемді еңбектері соның айғағы. Оларда айтылған кемел ойлар мен тиянақты тұжырымдардың әлеуметтік саланың бүгінгі таңдағы проблемалармен де үндестігі байқалады. Ғалым сөзін өлтірмейтін де, көнертпейтін сабақтастық деген осы болар.

Мысалы, Қошанов сол шығармаларында көтерген еңбек өнімділігі мен жалақының өсу қарқындары бір-бірімен тығыз байланысты болу мәселесі бүгінгі күні де дұрыс шешімін таба алмай отыр. Бірнеше салаларда еңбек өнімділігі өсу қарқыны төмен, соған қарамай төлемақы оларда жылдан-жылға өсуде.

Академик Қошановтың Қазақстан егемендікке ие болып, елімізде нарық экономикасын енгізу реформалары жүргізіле бастағанда оның тиімді жолдарын қарастырған елеулі еңбектерін де атап айтпасымызға болмайды. Нарық экономикасының теориясы мен методологиясын зерттей бастады. Осының негізінде әлеуметтік саланы нысандаған нарық экономикасын Қазақстанда дамытудың нақты бағыт-бағдарларын ұсынды. Аталмыш еңбектері, осы тақырыпқа арналған бірнеше ғылыми конференциялардағы баяндамалары академик Қошановты елімізде нарық экономикасының теориялық негіздерін зерттей отырып нобайлаған жетекші ғалым-теоретик дәрежесіне көтерді.

Бұл экономика ғылымына жаңа жол, жаңа бағыт екенін ерекше айтуымыз керек, өйткені, социализм тұсында нарық экономикасы туралы іргелі ізденістер болған жоқ, керісінше, оны біздегі экономикалық жүйеге жат құбылыс деп келдік. Академик Қошанов осы тақырыпқа алғашқылардың бірі болып бет бұрды. Бұдан біз ғалым ізденістерінің өміршеңдігін көреміз.

Еліміздегі егемендік тұсындағы ауқымды экономикалық реформалар кезең-кезеңімен әртүрлі проблемаларды күн тәртібіне қойып отырды. Мемлекеттік меншікті таратып, оны жекешелендіру, жаһандану үрдісінің меншіктік қарым-қатынастарға ықпалы, жаһандану әлемінде сенің ұлттық мүдденің орны, экономиканың әлем кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігі және оны арттыру жолдары, Қазақстан экономикасының даму модельдері (үлгілері), осындай тағы да басқа бұрын зерттелмеген және де тиісті тәжірибе жиналмаған өзекті мәселелер, оларды жан-жақты зерттеу, әлемдегі озық тәжірибелерді сараптау, міне, осылардың бәрі егемендігіміздің тұсында, әсіресе, алғашқы он жылдықта еліміздің экономистер қауымына үлкен талап қойды, жауапты міндеттер жүктеді. Баршамыз осындай өзекті сұрақтардың дұрыс, тиянақты жауабын іздедік. Академик Қошанов та осы ізденістер жолында тынымсыз тер төгіп, зерделі еңбектерін арнады. Осы тақырыптардағы бірнеше монографияларын жария етті. Мысалы, «Аралас қоғам: әлем тәжірибесі және Қазақстан», «Нарыққа көшу жолында жеке кәсіпкерлікті дамыту», «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігі», ғалым қаламынан шыққан басқа да туындылар экономикалық реформаны тиімді түрде жүргізуге оң ықпал жасағаны сөзсіз.

Ғалым еңбектеріндегі терең тұжырымдар келешекте де, Елбасы ұсынған «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму бағдарламаларын орындау жолында да маңыздары зор. Кейінгі оншақты жылда ел экономикасын индустриялық-инновациялық негізде жедел дамыту қажеттігі туды. Діттеген мақсат – экономикада сыңаржақ дамудан арылу, өңдеуші салалардың жедел дамуын қамтамасыз ету, өндірісті заманауи жаңа технологиялармен жасақтау, дамудың негізгі көзі ретінде инновацияның тәсіл-құралдарын, ғылым жаңалықтарын молынан пайдалану, еліміздегі адами капиталдың сапасын баянды түрде арттыру, міне, осындай шешуші проблемалар бүгін де күн тәртібінде тұр. Осы проблемаларды кешенді түрде шешуге арналған индустриялық-инновациялық үдемелі дамудың биыл бірінші бесжылдығы аяқталады, келесі жылы екінші бесжылдықты бастаймыз. Осылардың төңірегінде терең зерттеуді қажет ететін мәйекті мәселелер баршылық. Олардың кейбіреулерінің шешімін табуға Әбекең өз үлесін қосып бақты. Осы ретте академик Қошановтың қажырлы қаламынан туған «Индустриялық-инновациялық стратегия және экономикалық өсу»

монографиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың назарына ілініп, жоғары бағасын алғандығы баршамыз үшін қуанышты оқиға, мерей болғандығын да айта кетейік.

Қорыта айтсақ, академик Аманжол Қошанов экономика ғылымында ірі ғалым. Бүкіл саналы өмірінде осы саланың даму жолдарын барынша табандылықпен, өзіне тән байсалды байыптылықпен жан-жақты зерттеп жүр. Осының арқасында елдегі ғылым әлемінде оның ойып тұрып алған құрметті орны, абыройлы биігі бар. Оның есімі тек қана Қазақстанда емес, көптеген әлем елдеріне мәлім. Соңынан ормандай көп шәкірт ертті. Қошанов дайындаған ғылым кандидаттары мен докторлары тұтас бір ғылыми-зерттеу институтын толығымен жасақтауға жетеді. Өмірден кеткен абзал ағаларының, ғылым сардарларының ізін басты. Ғылым әлемінде табанды күрескерлігінің арқасында өзі де іргелі ғылым сардары дәрежесіне көтерілді. Үлгі тұтқан ұстаздары Қ.Сәтбаев, С.Толыбеков, С.Бәйішев ел қамын терең ойлайтын қайраткерлер еді. Солардың ізбасары Аманжол Қошанов та әрбір ғылыми еңбегін туған халқының игілігіне арнап, өнегеден таймады.

Ғалым туралы сөз болған соң оның ғылыми еңбектеріне көбірек тоқталдық. Дегенмен, Әбекеңнің қайраткерлік қырларын айтпай кетсек болмайды. Ол өз заманымыздың көрнекті қоғам қайраткері. Қоғамда үлкен маңызы бар әлеуметтік мәселелерге үнемі үн қосып отырады. Абай, М.Әуезов, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы айтқан пікірлерін жұртшылық өте жақсы қабылдап еді. Қазір ел ішінде тынбай талқыланып жатқан еуразиялық экономикалық одақтастықтың проблемалары мен келешегі туралы аталы сөзді айта білген Аманжол Қошанов еді. Ол қаншама лауазымы жоғары ғылыми, қоғамдық кеңестердің белсенді мүшесі. Арнайы мемлекеттік комиссиясының мүшесі ретінде ол ұлт тарихы, ұрпақтар сабақтастығы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, ұлт мәдениетін жаңғырту, тағы да осындай ел үшін маңызы зор саяси-әлеуметтік мәселелердің түйінін шешіп, заман талабына сай іс-шараларға тікелей араласты. Ел экономикасы, әлеуметтік сала, білім-ғылым концепциялары, жалпы, ел дамуына арналған стратегиялық концепциялар, даму бағдарламалары – осының бәріне Әбекеңнің тікелей қатынасы бар.

Бұрын Ғылым академиясы құрамында болған, қазір Білім және ғылым министрлігіне қарайтын Экономика ғылыми-зерттеу институты аталмыш ғылымның қара шаңырағы. Осы ұжым, осы ұжымның ғалымдары экономика ғылымының даму бағыттарын, теориялық негіздері мен тұжырымдамаларын жасады, әлі де жасап келе жатыр. Сөйтіп, қара шаңырақ туын әлі берік ұстап отыр. Тек қана осы институтта академик Қошановтың жарты ғасыр белесінен

мол асқан ұлағатты ғылыми өмірі өтіп жатыр. Сондықтан, қара шаңыраққа деген құрмет, биік мәртебе академик Қошановқа да арналады. Осы қара шаңырақ ұжымын көп уақыт академиктер С.Бәйішев, Т.Әшімбаев өте нәтижелі басқарып еді, солардан кейін 7 жыл осы институтқа академик Қошанов басшылық етті. Ол жылдар қоғам үшін де, ғылым үшін де қиын жылдар, өтпелі кезен, үлкен бетбұрыс жылдары болатын. Ұжымның тізгінін берік ұстаған Қошановтың қайраткерлігін осы жылдары көбірек көріп, шындап таныдық. Осы қайраткерлігінен Әбекең біраз жылдар Ғылым академиясы төралқасының бас ғылыми хатшысы қызметін атқарғанда да танған емес.

Әбекеңмен әріптес, пікірлес болғанымыз жарты ғасырға жуық. Ғылым саласында болып жатқан жаңару, жаңғырту, қайта құру мәселелерін басымыздан бірге өткіздік. Шет-елдердегі ғалымдармен пікір алысуға бірге шығып жүрген кездеріміз де аз болған жоқ. Жалпы, Аманжол Қошанов басқа елдерде де танымал, халықаралық дәрежедегі өресі биік ғалым. Халықаралық ғылыми қауымдастықтар, өмірдерек орталықтары Әбекеңді «XXI ғасырдың аса көрнекті зияткері» медалімен, «Ар» орденімен, «Алтын белгі» медалімен марапаттады. Академик Қошанов халықаралық экономикалық қауымдастықтың дүниежүзілік конгрестерінде бір емес, бірнеше рет баяндама жасады. Әлемнің 20-дан астам елдерінде ғылыми конференцияларда экономика ғылымының өзекті проблемаларын талқылауға қатысты. Қазақ ғылымы мен озық елдер ғылымының бір-бірімен тиімді байланысына үлесін қосты. Мұны елдігімізге қосылған үлес деп білсек керек.

Бүгін Әбекең сексенді артқа тастап, тоқсанның төріне аяқ басқалы отыр. Өзінің ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегімен, тектілікпен ұласқан парасат-пайымымен, іргелі ғылым сардары атағымен қоса халқының шынайы тілекшісі – ақсақал дәрежесіне көтерілді. Ақылгөй ағалары, ақсақалдары бар ел жүрісінен жаңылмайды. Кемел ой иесі Аманжол Қошанов осындай баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз. Мерейтойыңа құтты болсын айтып, алдындағы көп-көп шуақты күндерді Алладан тілейік!

Кенжеғали САҒАДИЕВ,

ҰҒА академигі.

АЛМАТЫ. <http://egemen.kz/2014/10/10/39702>